

01.04.2021ж.

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің 2020 жылдың инвестициялық бағдарламасының орындалуы туралы

Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментінің №219-НҚ бұйрығымен «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметіне инвестициялық бағдарламасы 2020 жылға 14096,0 мың теңге көлемінде бекітілген, оның ішінде 1140,26 мың теңге бекітілген тарифтік сметадағы амортизация есебінен көзделген, пайда тарифтік сметада қарастырылмаған, 12955,74 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің (өзге) реттелмейтін қызмет қаражаты есебінен жасалынуы жоспарланған.

Объект орналасқан жері: Шымкент қаласы, Қапал Батыр көшесі, «Өндірістік» аумағы, 116/2, «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің аумағындағы ГТЖ-4-ден (газ тарату желілері) бастап ұзындығы 600м жоғары қысымды газ құбырларын қайта жаңарту жоспарланған.

2020 жылы нақты инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары 8905,44 мың теңге сомасына, оның ішінде тарифтік сметада қарастырылған амортизация есебінен 1140,26 мың теңге, 100%-ға орындалған, «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің (өзге) реттелмейтін қызмет қаражаты есебінен 12955,74 мың теңге жасалынуы жоспарланған, нақты орындалғаны 7765,18 мың теңге, орындалмағаны 5190,56 мың теңге, себебі 2020 жылдың қорытындысы бойынша жиынтық кіріс есебінде (пайда және шығындар туралы есеп) залалдар көлемі 1 306 598,0 мың теңгені құрағаны.

**«Ордабасы индустриалдық аймақ»
ЖШС-нің директоры**

Бас есепші



Бертаев Р.Т.

Саидикаримов Г.А.